




ЦИКЛОГРАММА
I апта қаңтар 2022ж
Мектепалды даярлық тобы


Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. "Айналамыздағы өсімдіктер"

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	<i>Балалармен сәлемдесіп, жылы шыраймен қабылдап алу. Көңіл күйлеріне назар аударып, ата аналармен пікірлесу.</i> <i>Балалардың денсаулығы жөнінде аяжанның кеңесін ата аналарға ұсыну. Балалар көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ойнату.</i> <i>Балалар өз достары туралы әңгімелей алады, көңілді ойындармен жаттығуларды орындайды.</i>				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №3 Құрлымдалған ойын: «Жануарларға қамқор боламыз» Суретпен жұмыс. Мақсаты: Балалар жануарлар туралы түсіне отырып, оларға қайырымдылықпен қарауды үйренеді. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека № 4 Құрлымдалған ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, оларға қамқорлық жасау жайында өз ойларын айта алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека № 19 Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын түсінеді. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №6 Құрлымдалған ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы түсіне отырып, оларды атап айта алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №8 Құрлымдалған ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін, әр мезгілінде қандай киімдер киетінін айта алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.
	ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	Қаңтар айының 1 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету <i>Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың.</i>				

Таңғы ас	Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық, Қолымызды созайық, Су ішінде қалықтап, Қане жүзіп алайық, Оңға, солға бұрылып, Денемізді бұрайық				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біздің өлкеге қыс келді Мақсаты: Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініп,, берілген сұрақтарға жауап бере алады. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы 1.Мнемотехника арқылы қыс мезгілін айту. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. 2. Ой дамыту. Суретпен жұмыс.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жоғалған буын» Мақсаты: өткен дыбыстарды қайталау «Жоғалған буын» ойыны арқылы дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрастыра алады. Ресурстар: кеспе әріп кассасы, суреттер, текшелер, аққу, торғай, құстар, әріптер жазылған гүлдердің суреті. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. 1.ҰОҚ өтілу барысы Психологиялық дайындық Жақсы көңіл күймен жақсы сөздер Тосын сәт. Топқа қуыршақтың келуі Амандасу -Балалар маған әдемі ат қойып беріңдерші Сендермен дос болғым келеді. II. Ой дамыту. Қуыршаққа ат қою Сара деп қойсақ қайтеді. Сараны отырғызу. - Сара сөзі неше буыннан	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері. Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасу Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуын өз ойымен айта алады. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер. Аспан түрді түндігін, Жерге сәуле таратты. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы күн! Қызығушылықтарын ояту. - Балалар, сендер ертегі көргілерің келеді ме? - Әрине көргіміз келеді - Ендеше экранға назар аударайық, қазір біз «Санауды білетін лақ» ертегісін тамашалаймыз. (ертегіні көру) Ертегі сендерге ұнады ма? Ертегідегі ақ лақ ақылды екен, ол санай білгендіктен	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Буындардан сөз құра. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: Сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын дұрыс жеткізеді. Ресурстар: суреттер, ойыншықтар, гүлдердің суреті. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. I. Ұйымдастыру кезеңі. Балалар шеңберге тұрып, бір – бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. II. Ой қозғау. Ойыншықтармен жұмыс. Мынау не ? Мынау – доп. Мынау – секіртпе. « Түсі қандай? Көлемі қандай? Ол не үшін керек?» Балабақша ауласынан және тұрғын үй ауласынан не көріп тұрсыңдар? Сызба бойынша екі, үш, төрт сөзден тұратын бірнеше сөйлем құрастыру.	1.Жаратылыстану Тақырыбы: Шырша және қайың Мақсаты: Ағаштар туралы туралы түсінеді, өз ойын айтады. Ресурстар: Ағаштар суреті Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы: Шаттық шеңбері: «Мейірімді жүрек» Шарты: Балалар үлкен шеңбер құрып тұрады. Бір біріне жақсы тілектер тілейд. Бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын. «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Күн жылынса киінеді, Суытса иешіті киімді. Жел соқса тербеледі, Желге күш береді. (Ағаш) -Балабақша ауласында қандай ағаштар бар? Терезеден бақылау.

Қыс мезгілі. Сұрақ жауап -Далада ауа райы қандай? Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады? Қар қайдан жауады? Қардың түсі қандай? Ал сендер қандай қысқы ойындарды білесіңдер? ойнайсыңдар? -Біз қалай киінеміз? Пед жет ойын: «Қысқы киімдерді ата» Шарты: Сурет бойынша киім атауларын атау.  – Қыста күн суық болады. Айнала аптақ қар. Өзендегі су мұз болып қатып қалған. Адамдар жылы киінеді. Ағаштар жапырақсыз. Олар қыста өспейді, ұйқыға кетеді. Шырша мен қарағай ғана жап-жасыл болып тұрады. Аспан түнеріп тұрады. Қар әртүрлі болып жауады. Аязды күндері жауған қар бір-біріне жабыспайды. Ал сәл жылы кезде жауған қар жабысқақ. Ондай қардан аққала соғуға болады 4К моделі, бала үні 3. Қызығушылықты ояту Олай болса бүгін мен сендерді сиқырлы орманға апарамын.	тұрады екен, ойлап көрелік. Са - ра. - Бірінші буынын кім айтады? - Бірінші буыны Са. - Екінші буыны - ра. - Дұрыс. Екі буыннан тұрады. Себебіекі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Сыни ойлау, бала үні. Балаларды екі топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. III. Педагог жетекшілікпен ойын: «Жоғалған буын». Ойынның шарты: жылдам ойлап, келесі буынды табу. - Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар. Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -, кө -, тор -, бүр -. Ойын соңында жеңімпаз топқа түрлі- түсті жалауша беріледі. 4К моделі, бала үні. IV. Сергіту сәті: Қане, қане, тұрайық, Алақанды ұрайық, Бишілерше бұралып, Дөңгелене билейік, Домбыраны қолға алып Әжем айтқан ертегіні Күйшілерше шерттейік. Әсем әуен сазымен Өнерді біз жалғайық. V. Құрлымдалған ойын: «Сөйлем құрастыр» Шарты: Сурет арқылы берілген буындарды сызық	жануарларға көмегін тигізді. Мазмұн арқылы саралу, сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Ертегідегі кейіпкерлерді санау және сол санның таңбасын көрсету 1 – ақ лақ (сан таңбасын 2 – Бұзау 3 – Сиыр 4 - Әтеш 5 – Жылқы (1, 2, 3, 4, 5 сан таңбаларын көрсетеді) Балалар қайықта неше жануар болған? - Бес жануар болған. Жарайсыңдар! Балалар сендерге ертегідегі жануарлардың тапсырмалары бар екен, орындауға дайынбыз ба? Бала үні. Ақ лақтың 1 – тапсырмасы Суретпен жұмыс Пед жет ойын: «Цифрлар қайда жасасырыңан»  Құрлымдалған ойын: «Ойыншықтар» Шарты: Геометриялық пішіндерден ойыншықтар құрастыру.	кеспе әріптерден а-на, а-та, ба-ла, ә-ке, ә-же, і-ні, а-ға сөздерін құрастырып, оларға дыбыстық талдау жасау. Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні. III. Ой дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Балабақша мен тұратын ауласы жайлы әңгімелету. Сұраулы және хабарлы сөйлемдер құрастыру. Гүлдердің аттарына дыбыстық талдау жасату. Гүлдердің аттарын буынға бөлу. Мысалы: бәй – ше –шек, қа- лам- пыр, қыз- ғал- дақ, түй- ме- дағы, қо- ңы- рау- гүл, рау- шан- гүл. Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бал үні. Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай балалар Үп-үлкен боп өседі. Педагог жет ойын: «Буындардан сөз құра» Шарты: берілген буыннан сөздер құрау. Мысалы: тор- ғай, то- қыл- дақ, ақ- қу, ша- га- ла, тыр- на. Құрлымдалған ойын: «Құстардың атын ата» Шарты: Қима суреттерді құрастыру. суретте Торғай , қарлығаш және аққудың суреттері берілген. Осы құстар сөздерін қатыстырып,	Ағаштардың қысқы тіршілігіне назар аудартады. -Ағаштардың қандай пайдасы бар? Сыни ойлау, бала үні. Суретпен жұмыс. Суретке назарларын аударып Қайың. Шыршамен таныстыру. АКТ технологиясын пайдалану Қайың, терек, шырша ағаштарын салыстырып, айырмашылығын атау Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні. Пед жет ойын: «Жылдам ағаш түрлерін ата» (доппен) Шарты: Допты қағып алған бала ағаш түрлерін атау керек. Сергіту сәті Ойын түрінде. «Шырша, бүршік, қоян» Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек. Құрлымдалған ойын: «Бөліктерін тап» Шарты: Қиылған суреттерден әр ағаштың өз бөлігін тауып құрастыру. 4К моделі, бала үні. Қорытынды. Өлең жолы арқылы қорытындылау.
--	--	--	---	---

Балалар, сендер көздеріңді жұмыңдар мына таяқшаны үш рет сермесем, орманға тез барамыз. Орманға келу.  Балалар бұл сиқырлы орман. Балалар, қараңдаршы орман қандай? «Қар неліктен жұмсақ?» Неге орман тым-тырыс? Қысқы орман келбеті қандай? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Біз шаршап қалған сияқтымыз сергіп алайық. 4.Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан. Боран соғар сол жақтан, Қар лақтырып ойнаймыз, Су ағады қолғаптан. Біздің қайтатын уақытымыз келді. Енді балалар мен сиқырлы таяқшаны сермесем көзді ашып жұмғанда тобымызға жетеміз. Балабақшаға оралу. Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Топтық жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Қысқы пейзаж» Шарты: Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру 4К моделі, бала үні Қортынды Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?	арқылы қосу. VI. Дыбыстық талдау. Текшемен жұмыс 1-топ Сара сөзін текшемен жазу 2-топ. Сана сөзін текшемен жазу. VII. Буындардан сөз құрау. - Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау. Ұзақ - жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді. Буын туралы білімдерін тиянақтау. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды. Қорытынды: Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. Рефлексия: Не білдің? Не үйрендің? Балалар бүгін біздің оқу іс-әрекетіміз қалай өткенін смайликтер арқылы көрсетіңдерші 2. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша 3.Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойынышықтары» Мақсаты: Бірнеше бөліктерден заттар-ды мүсіндеуді үйренеді. Ресурстар: Тақырып	 Бұзаудың тапсырмасы Пед жет ойын: «Теңестір» Сендердің алдарыңда екі жолақты карточка бар, карточканың жоғарғы жолағына 3 алмұрт, төменгі жолағына 2 алма қойып шығыңдар. Қайсысы көп, оларды қалай теңестіруге болады? Сыни ойлау, бала үні. Сиырдың тапсырмасы бойынша (бой сергіту) Тауға шықсаң қалың қар, Сайға түссең қалың қар. Шырша үсті қалың қар, Ұйықтап жатқан аю бар. Әтештің тапсырмасы Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Логикалық есептер. Тарелкеде бес алма бар, оның екеуін досыма бердім, айтышы сонда тарелкеде неше алма қалды? Тауықтың үш ақ балапаны және бір сары балапаны бар, олардың барлығы неше балапан болады? 4К моделі, бала үні Жылқының тапсырмасы: Құрлымдалған ойын: «Жоқ пішінді тап» Шарты: қандай пішін жетіспейтінін тауып қою.	бірнеше сөйлем құрастыру. 4К моделі, бала үні. III. Қорытындылау. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдістері арқылы өткен сабақтарда алған білімдері бекітіледі. 2. Музыка Педагог жоспары бойынша 3. Өзін өзі тану. Тақырыбы: Табиғат-Ана. Мақсаты: Табиғатқа деген қамқорлықты, өлі және тірі табиғат туралы түсінеді. Ресурс: Хат, ақ көгершін, АҚТ тех. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы II.. Ғажайып сәт: Ақ көгершін ұшып келеді. Сәлеметсіз бе балалар? Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні. 2.1. Табиғат ананың хатын оқу. Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым, өзімде аз уақыттан соң	Бұтақтарды сындырмай, Ағаштарды баптайық. Құстарды да атпайық, Табиғатты сақтайық! Бала үні. Балаларды мадақтау 2. Жапсыру Тақырыбы: Аққала бізде қонақта. Мақсаты: Қысқы ойындар туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді пайдалану арқылы аққаланы жапсыра алады. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, дидак материалдар Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы I. Шаттық шеңбері. «Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық. II.Қызығушылықты ояту. Таңғажайып сәт. Топқа аққала келеді. -Сәлеметсіңдерме балалар.мен өзіме көп дос іздеп жүрмін,өйткені мен жалғыз ойнап ішім пысып кетті. Балалар маған дос тауып беріңдерші. -Балалар аққалаға көмектесемізбе?
--	---	---	---	---

	Сендер қыс мезгілі жайлы көп біледі екенсіңдер. Орманға саяхатқа шыққан мағанда ұнады. Сендерге көп көп рахмет. Балаларды мадақтау. 2. Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 3. Музыка Педагог жоспары бойынша 4. Қоршаған ортамен Тақырыбы: Қысқы ағаштар Мақсаты: Қысқы ағаштар мен талдарға қамқор болады. Ағаштардың адамға тигізер пайдасын айтады. Ресурстар: ағаштардың суреттері, шырша ағашы Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ өтілу барысы 1. Шаттық шеңбер: Қайырлы таң Алтын күн! Қайырлы таң Көк аспан! Қайырлы таң – апайлар! Қайырлы таң достарым! 2. Өлең оқу. Аппақ қыстың бояуы Аппақ қыстың бораны Ақ көрпеге орайды Ақ қар байтақ даланы. — Осы өлеңде не туралы айтылған? — Қыс мезгілінде неше ай бар? — Қыста күн қандай болады? — Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?	бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Қазір қай жыл мезгілі? - Қыс екенін қайдан білдіңдер? - Қыс мезгілінде қандай мерекелер бар? Жаңа жыл мерекесінде біз не істейміз? Ой қозғау. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Тікен, тікен тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. /Шырша/. Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Балалар біздің шырша көңілсіз сияқты, өйткені оның ойыншықтары жоқ екен. Ал біз көмектесіп шыршаны сәндейік -Сендер де шыршаға ойыншық жасап, шыршаны безендірген-ді қалайсыңдар ма? Жаңа жылдық шыршаға қандай заттар ілеміз? Шырша ойыншық-тарын неден жасауға болады? 4К моделі, бала үні Балаларға ермексизден шырша ойыншықтар жасаудың жолдырын көрсету, түсіндіру. -түрлі түсті ермексизды бірнеше бөлікке бөлу; -әр түрлі домалақтар жасау;	 Сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні Қорытынды. -Балалар, қандай ертегі қарадыңдар? -Ақ лақ неше дейін санап біледі екен? Қандай тапсырмалар орындадыңдар? Балаларды мадақтау. 3. Сурет салу Тақырыбы. Шырша Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай отырып сурет сала алады. Ресурстар: Шырша суреті, дид материалдар. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні. ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сауле таратты. Жайнайды даламыз, Жайнайды қаламыз. Қайырлы таң балалар, Ой қозғау. Балалар, сендерге Жаңа жыл мейрамындағы шырша ұнады ма? Ал сол мейрамдағы ойыншықтар ұнады ма? Бала үні Қызығушылықты ояту.	барамын. Табиғат ананың тапсырмасын орындау 4 к модельі, бала үні Мазмұн арқылы саралау 3. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді? Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде? Сыни ойлау, бала үні 4. Ой қозғау Пед жет ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз? Бала үні, өнім арқылы саралау, блум таксономиясы. 5. Ширату. «Құм, тас, су». «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу. 4 к модельі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау 6. Топқа Табиғат ана	III. Ой дамыту. Қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. - Қыста ойнайтын қандай ойын түрлерін білесіңдер? -Атау. -Аққаланы сипаттап әңгімелеу. Пед жет ойын: «Аққала пішіндері» Ойын шарты: Аққала қандай пішіндерден тұратынын ретімен айту. Сөздік жұмыс. Аппақ, домалату, дөңгелектер, үлкен – кіші, шелек Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды, Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Ресурстар арқылы. Үлгіні талдау. - Түсі, пішіні қандай? Жұмыс жасауда жапсырудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету. Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту. Үлкен, кіші дөңгелектерді ұқыпты жапсыруды көрсету. Өз беттерініше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету. 1-топ аққаланы мақталы дискімен жапсырады.
--	--	---	--	--	--

Сыни ойлау, коммуникатив-тілік дағды.

3. Ой дамыту.

Суретпен жұмыс.

(қыстың күні ойнап жүрген балалардың суреті)

Балалар қыста қалай ойнайды?



4. Миға шабуыл

Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»

Жұмбақ жасыру.

Жазда жатсаң- көлеңкесіне алады,

Қыста жақсаң- жаның рахат табады. (ағаш)

Сыни ойлау, бала үні.

5. Ой қозғау.

Ағаштар туралы әңгімелесу.

Ағаштарды атын атау



Қайың- діңі жұқа ақ қабықпен жабылған. Тез өседі, бүршіктерінен дәрі-дәрмек жасайды.

Бұтақтарынан сыпырғыш жасайды. Қайыңнан жиһаз жасайды. Жапырақтары дөңгелек.

Шырша - қысы- жазы жап-жасыл боп қылқанды жапырақты ағаш. Құрылыс материал және музыка

-әр түсті сәбіз пішіндес денелер жасау;

Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы

Сергіту сәті:

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса.

Балалардың өз бетінше жұмысы.

4К моделі, бала үні, жанама бақылау.

Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»

Шарты: Балалар бір- бірінің жұмысын бағалайды.

Жасаған ойыншықтарын шыршаға іледі.

Қорытынды.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

4Ата тегі асыл қазынам

Есік қағылып пошташы хат әкеледі.

Хатты ашып оқу.

Балалар Аққала орманда жүріп, Жаңа жыл мерекесіне кешігіп қалыпты.

Жарқыраған шамдары мен ойыншықтары бар шыршаны тамашалай алмай қалыпты.

Сол әдемі шыршаны көргісі келеді, сондықтан сендерден мына жасыл шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіріп беруді сұрайды. Көмектесеміз бе, балалар?

Бала үні

Топқа бөлу.

Өз еркімен.

Құрлымдалған ойын:

«Шыршаны кім жылдам безендіреді?»

Шарты: Балалар екі топқа бөлініп, алдында тұрған екі шыршаны жылдам безендіруі керек.

1-топ мақталы таяқшамен шыршаны бояйды.

2-топ бастырма, поролон арқылы шырша ойыншықтарын бояйды.

Әр бала өзіне ұнаған түстерін пайдаланып бояйды.

Жеке көмек.

Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командамен жұмыс, креативтілік.

Сергіту сәті.

Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады.

Саусақтарым бірігіп,

Билеп, билеп алады

Пед жет ойын: «Біздің

кіреді.

Топтық жұмыс

Құрлымдалған ойын: «Өлі және тірі табиғат»

Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу Креативтілік, бала үні. Сендердің қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын. Өте ақылды балалар екенсіңдер.

Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер. Мен сендерген сыйлық әкелдім. Ал ендіше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар. Табиғат анамен қоштасу **Шапалақ әдісі.**

Рефлексия

Балаларды мадақтау

4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері

Тақырыбы: Менің күн тәртібім

Мақсаты:Тақырыпты зейін қойып түсініп, мазмұнын түсінеді, қойылған сұрақтарға жауап береді.

Ресурстар: Күн тәртібінің суреттері, АҚТ технол жұмыс.

Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні

ҰОҚ өтілу барысы.

І.Психологиялық ахуалды қалыптастыру Қимыл - қозғалыс ойыны:

2-топ қағаздан жапсырады.

Жеке көмек.

Креативтілік, командамен жұмыс, сыни ойлау, бала үні

Сергіту сәті.

Домалатып ақ қарды, Ұлпа қарлар жинаймыз.

Үлкен, кіші, орташа, Дөңселектеп құраймыз. Мұрнын жасап сәбізбен, Баскиімін – шелектен.

Көңілденіп, секіріп, Аққаланы жасаймыз.

Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»

Шарты: Балалар бір – бірінің жұмысын бағалайды.

Қорытынды.

Балалардың жұмысын мадақтау.

3.Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу)

Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу)

Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы.

Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.

ҰОҚ өтілу барысы

	аспабын жасайды. Шыршаның қылқандарынан дәрумендер жасайды. Көктерек – діңі тұзу, тегіс, қабығы жасылдау түсті, жапырағы дөңгелек, жылдам өсетін ағаш. Шетен – суықтан қорықпайды. Биік өседі, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш және оның қызыл түсті домалақ жемісі бар. Ағаштардың адамға қандай пайдасы бар? схема бойынша айту. Шырша ағашымен таныстыру. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні 6. Сергіту сәті. «Шырша, бүршік, қоян» Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек. Жаңылып қалған ойыннан шығады. Құрлымдалған ойын: «Ағаштар қалай өседі?» Шарты: Қима суреттерден ағаштардың өсу жолдарынан бастап құрастыру. 8. Қорытынды. Сұрақ жауап. -Балалар қандай ағаштармен таныстыңдар?		шыршалар» Шарты: Балалардың жұмысын педагог бағалау. Қорытынды. Жұмыс соңында суреттерін жинап алып, Аққалаға беріп жіберу. Балаларды мадақтау. Аққала қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. 4.Ғажайып әлем	Қоңыздар Ойынның шарты: Күн шықты дегенде қоңыздар ж - ж - ж - ж - ж деп өрмелеп жүреді. Жаңбыр жауды деген кезде қоңыздар ағаштың астына барып жасырынып қалады. II: Ой дамыту АҚТ технол жұмыс. Күн тәртібі туралы түсінік беру.  Блум таксономиясы, мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Құрлымдалған ойын: «Үш гүл» Мақсаты: Әуеннің көңіл күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған Көрнекіліктер: Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдірітін бір гүлден беріледі. - Жәй әуен, Көңілсіз әуен, Көңілді әуен Гүлдердің орына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады. -Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығараманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл күйін ажыратып әуенге сай	Шаттық шеңбер Жарқырап күнде ашылды Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Балалармен әңгімелесу. -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды, бала үні. Ой дамыту. АКТ технолоиясы. Бейнетаспа қыс мезгілі. Балаларға әңгімелету. Ашық сұрақтар қою. Қыста ауа райы қандай болады? Суретте балалар немен сырғанап жүр? Адамдар қалай киінеді екен? Мазмұн арқылы саралау, Сыни ойлау, бала үні Әнуарбек Дүйсенбиетің «Қыс» өлеңін оқып беру. Аппақ, аппақ жапалақтап Қар жауады тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды қысқы орман Сұрақтар ілмегі. Өлең не туралы айтылған? Қыста ағаштар қандай болады?
--	---	--	---	---	--

				гүлді алып шығады. 4К моделі, бала үні. 4. Ой қозғау. Пед жет ойын: «Мен айтам сен жалға» Шарты: басталған сөзді жалғастыру. Таңертең тұрамын... Қортынды балаларды мадақтау .	Терезеден ағаштарды бақылау. 4к моделі, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Сергіту сәті Тоңса біздің қолымыз, Қолғап кйіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Етік киіп аламыз Топ-топ-топ Топылдатып билейміз Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу -зу -зу Шанамен зулаймыз, Пед жет ойын: «Ия, жоқ» Ойын шарты: Педагог табиғат құбылыстарына байланысты сөздер айтады, егер қыс мезгіліне байланысты болса шапалақтап ия деу керек. Мадақтау. Құрлымдалған ойын«Қысқы пейзаж» Шарты: Суреттерден қыс мезгілін құрастыру. Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жанама бақылау. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Жұлдызша беру арқылы мадақтау 4.Мейірімділік пен Ә.М Тақырыбы: Шындық пен өз сөзінде тұру туралы
--	--	--	--	--	---

					әңгіме Білімділік: Балаларды бір-біріне адал болуға, туысқандарына және айналасына шындық көзқарыспен қарауға үйрету. Дамытушылық: Балаларға жағымды әрекеттер арқылы түсінік бере отырып, тілдерін, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиелік:. Өз сөзінде, берген уәдесіне тұруды үйретуді жалғастыру. Шыншылдыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 1 Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 2 «Қарды бақылау» 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 4 Бұршақты бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	Картотека № 8 Адамдардың қысқы еңбегі. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№ 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№ 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№3 Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№3 Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	№4 Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.

	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Карточка қосымша тігілген)				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Қолғап » украин ертегісі. <i>Ертегі желісін түсіндіру.</i> <i>Балалардың ертегі желісін сомдауы.</i> Балалармен жеке жұмыс. Тәрбиеші жоспары бойынша.	Вариативтік бөлім	Вариативтік бөлім	Мнемотехника әдісі Тақырыбы: Қысқы киімдер Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алады. Балалармен жеке жұмыс. Тәрбиеші жоспары бойынша	Вариативтік бөлім
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	Карточка № 1 Қырауды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Карточка № 2 «Қарды бақылау» <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Карточка № 4 Бұшақты бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Карточка № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Карточка № 8 Адамдардың қысқы еңбегі. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу</i> <i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу</i> <i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)</i>				

ЦИКЛОГРАММА
II апта қаңтар 2022ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»
Тақырыпша: Жануарлар әлемі

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.</i>				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №1 «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты : геометриялық пішіндер жайлы түсіне отырып, пішіндерді атайды, ажыратуды, салыстыра алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №2 «Тәулік бөліктері» Мақсаты: Тәулік бөліктерін бекіту: таң, кеш, күн. Апта күндерін айта алады 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №3 «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастырып, өз бетінше тапсырманы орындай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №7 «Кеңістік» Мақсаты: балалар кеңістікті бағдарлауда, берілген тапсырмаларды орындай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.	Картотека №9 «Аңдарды қоректендіреміз» Мақсаты: Берілген тапсырма бойынша сандарды ретімен қоя алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.
Математика негіздері картотека					

Танертеңгі гимнастика	Қаңтар айының 2 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Төрт түлігім – ырысым. Мақсаты: Балалар төрт түлік туралы түсінеді. Төрт түліктің пайдасы туралы айтады. Ресурстар: Үй жануаларының суреттері, АҚТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні ҰОҚ өтілу барысы I. Шаттық шеңбері. "Кел,балалар күлейік" Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! II. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын:»Кім тапқыр?» Жұмбақтар жасыру. Төрт түліктер туралы. -Жүретұғын әрдайым, Жануар мұндай қайда бар? Ишкен суын әрдайым	1.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: С с дыбысы және әрпі Мақсаты: Өткен дыбысты қайталай отырып, алған білімдерін бекітеді. С дыбысы және әрпімен танысады. Ресурстар: кеспе әріптер,буындар , жұмбақ , суреттер. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні ҰОҚ өтілу барысы : I Ұйымдастыру бөлімі : Психологиялық дайындық. Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы тун,қайрлы күн Күліп шықты бүгін күн II. Ой қозғау. -Сауат ашу әлеміне саяхат- Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай? - Дауысты дыбысты қалай білеміз? -Дауыссыз дыбыстарды ше?	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері Тақырыбы: Заттардың қасиеті Мақсаты: Балалар сандар туралы және геометриялық ұғымдар туралы түсінеді. Ресурстар: Геометриялық пішіндер. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні Психологиялық ахуалды қалыптастыру 1, 2, 3 Біз жинаймыз күш Терезені ашамыз Таза ауа жұтамыз 1, 2, 3 Отырамыз тып-тыныш. Қызығушылықты ояту. Математика Патшайымнан хат келді, оны Патшайымның достары Дөңгелек пен Үшбұрыш алып келді. (тақтаға пішіндердің бейнесін ілу) - Геометриялық Пішіндер қаласында қиын жағдай болыпты – сол қаладағы	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ы ы дыбысы және әрпі Мақсаты: Ы дыбысымен және оның әріп таңбасымен танысады. Ы дыбысы бар сөздер айтып, талдауға,буынға бөлуге, сөйлем құрай алады. Ресурстар: Геометриялық пішіндер. Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні ҰОҚ өтілу барысы. I.Шат т ық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен т үлейік! Қабақ т үйген не керек. Көңілді болып ж үрейік! II.Қызығушылықты ояту. Өлең жолдармен суреттерді көрсету. Мына суретке қарайық, Атын тауып алайық. Осыларды бір сөзбен, Жалпы атауын атайық. Балалар ыдыстар сөзі қай	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Сурет бойынша әңгіме. Мақсаты: Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге өз ойын айта алады. Ресурстар: Геометриялық пішіндер, АҚТ технол Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні ҰОҚ өтілу барысы I. Шат т ық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өт ет ілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні-бойы қызыққа, Бат амызда қаламыз. II. Миға шабуыл Пед ж ет ойын: «Кім т алқыр» Жұмбақ ж асыру. Біз тебеміз сырғанақ Таудан төмен сырғанап. Қар жаадады аппақ Аяз қатты азынап. (қыс). -Қар еріп , су ағады, Сарқырап сайға толады.

	Ақсұт етіп қайтарар. (сиыр) -Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (қой) -Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе) Екеуі елеңдеп келеді, Төртеуі төбелесіп келеді. (Ат) Сұрақ – жауап. -Бір сөзбен бұларды не дейміз? 4К моделі, бала үні 2. Ой қозғау. Төрт т үлік т уралы т үсінік беру. Сурет пен ж ұмыс. - Сурет т е қандай ж ануарларды көріп т ұрсындар? -Төрт т үлікке нелер ж ат ады? -Нәлікт ен оларды үй ж ануарлары дейміз? -Бізге қандай пайдасы бар? Сөздік ж ұмыс ж үргізу. Шұбат , қымыз, мөңірейді, маңырайды, өркеші, т өлі,мүйіз, сақалы, шөре-шөре,әукім-әукім -Олардың т өлдерін қалай ат аймыз? Мазмұн арқылы саралау, Блум т аксономиясы, 4К моделі, бала үні Ой дамыт у. Түйе т өлі-бот ақан, Мөлдіреп көзі ойнаған. Қойдың т өлі-қошақан, Өріске қашқан қорадан.	- Әріптен не құралады? - Сөйлем қандай әріптен басталып жазылады? - Сөйлемнің соңына не қойылады? Сыни ойлау, бала үні. Өткен дыбысты қайталау. Педагог жетекшілігімен ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Шарты: Балалар «М» дыбысынан басталатын немесе сөз арасында «М» дыбысы бар сөздерді айтады. Айтқан сөздерін буынға бөледі. III.Ой дамыту Жаңа сабақты меңгерту. Педагог жетекшілігімен ойын: «Дәл тауып айт» Қыздар құлағына тағады — Сырға. Қыздар қолына тағады — Сақина. Уақытты көрсетеді — Сағат. Сиырдан не алынады — Сүт. Сызуға арналған құрал — Сызғыш. Мектепте не оқимыз — Сабақ. Кітаптарды қайда саламыз — Сөмке. Кірді немен жуамыз — Сабын Балалар шайнайды — Сағыз -Балалар осы сөздердің барлығы қандай әріптен басталып тұр? -Дұрыс айтасындар, С с. Олай болса біз бүгін С с	компьютерлік желіге вирус түсіпті дейді. Компьютерлердің бәрі тұрып қалған, керекті ақпараттарды көрсетпейтін көрінеді. Патшайым соны емдеуімізді сұрайды. Қалай көмектесеміз бе? Геометриялық пішіндер қаласына поездбен баруды ұсынамын. Ол үшін, поезды алдарындағы жатқан үлкен құрастырып алайық. 4 К моделі, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Поезд» Шарты: Геометриялық пішіндерден поезд құрастыру. Саяхатты хабарлау. Саяхат - Балалар жолда ішіміз пыспас үшін сендермен «Сұрақ-жауап» ойынын ойнау. жауабын ауызша емес, карточкамен көрсетеміз. Педагог жетекшілігімен ойын: «Сұрақ-жауап» Шарты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсе-ту дағдысын қалыптастыру. Көрнекіліктер: Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар. кемпірқосақта неше түс бар? (7) -бағдаршамда неше көз бар? (3) -қолғапта неше саусақ бар? (5) -адамда қанша көз бар? (2) жұлдыздың неше бұрышы	дыбыстан басталып тұр? Сыни ойлау. III.Ой қозғау Жаңа тақырыпты ашу. -Ы дыбысын бірге атап көрейікші. -Мынау ы дыбысының баспа түрі,ал мынау жазбааша түрі. -Ы дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? -Дауысты екенінін қайдан білдіңдер? -Балалар дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар қандай түспен белгіленеді? -Дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді? Сергіту сәті: 4.Ой дамыту Пед жет ойын: «Сөз моншақ» Шарты: Ы дыбысынан келетін сөздер айту, оларды буынға бөлу Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ «Қыс»: Ынтымақ сөзіне дыбыстық талдау жасау. 2-топ «Көктем»: Ынтымақ сөзін кеспе әріптерден құрау. 3-топ «Жаз»: Ынтымақ туралы мақал- мәтел. 4-топ «Күз»: Буындарға сөз жалғау. Ыс...тық, Ты...мақ, та.....мыр, Ты...қыр. Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні. 2-тапсырма:	Күн ұзарып жылиды, Бұл қай кезде болады? (көктем) -Қойны толы жеміске, Көкмайсалыеңіске. Көбелекқуыпойнайтын, Қаймезгілдепойлайсың? (жаз) -Дала толы жеміске Диқан толы егіске Бау-бақшаға барайық Жемістерді жинайық. (күз) II. Ой дамыту. АҚТ технол 1. Жыл мезгілдері туралы түсінік беру. Сұрақ – жауап. -Бір жылда неше жыл мезгілдері бар? -Атау. Сыни ойлау, 4К моделі, бала үні. 4. Ой қозғау. Әр мезгілге сипаттама беру. А)Қыс мезгіліне сипаттама. -Қыс мезгіліндегі ерекшеліктер. -Қандай әсерлер қалдырды? -Табиғат құбылыстарын, ойын түрлерін атау. -Қандай тақпақтар білеміз? -Қалай киінеміз? Қыс. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Б)Көктем мезгілі -Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Несімен ұнайды? -Қандай тақпақтар білеміз? Көктем. Көкке бояп өңірді,
--	---	---	--	--	--

